



Ембі ТЫНЫСЫ

№2 (107)
НАУРЫЗ
2023 жыл

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

Геолог күнімен!

Құрметті геологтар!

Мұнай өнеркәсібін дамытуда геологиялық барлау саласының ролі ерекше. Соның ішінде ембілік геологтардың жер қойнауын игеруге қосқан үлесі зор. Өзен, Теңіз сынды алып көмірсутегі шикізаты кен орындарын ашу ісінің қайнар бастауында да біздің әріптестеріміз болғанын зор мақтанышпен айтамыз.


Ардагер-геологтарымыздың мол ізденістерінің нәтижесінде көптеген кен орындары ашылды. Сол ардақты аға буын геологтардың ізін жалғаған кейінгі буын ұрпақтың саланың әлеуетін арттыру жұмыстарын жалғастырып келе жатқаны – ортақ мерей.

Жер қойнауындағы қазынаны игілікке жарату – ел дамуына әсер ететін тетік. Геология саласына қатысты ауқымды жұмыстардың нәтижесінде мұнай-газ саласы қарқынды дамып, қазақстандықтардың әл-ауқаты жақсарды. Өңірлерде көптеген әлеуметтік нысандар бой көтеріп, тұрғындардың тұрмысының түзелуіне есер етті. Осынау табыстарға қол жеткізуде жер қыртысын жан-жақты зерттеп, қыр-сырына терең үңілген геологтардың мол үлесі барын айрықша атағанымыз жөн.

Бүгінгі таңда инновациялық технологияларды қарқынды дамыту, заманауи әдіс-тәсілдерді қолданысқа енгізу талабы геология саласын да айналып өтпеді. Заман ағымы да бұл саланың алдына жаңа мақсат-міндеттер қойып отыр. Мол тәжірибе мен зор ізденістің нәтижесінде ембілік геологтардың бұл талапты еңсеріп, биіктерден көрінеріне сенім мол.

Кәсіби мереке құты болсын, құрметті жер қойнауын барлаушы әріптестер! Үкен жетістіктер мен жаңа ашылулар тілейміз! Қызметтеріңіз табысты, отбасыларыңыз аман болғай!

«Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы



В ЦЕНТРЕ ПРИТЯЖЕНИЯ – ЧЕЛОВЕЧЕСКИЙ КАПИТАЛ



Основной целью, новой кадровой политики АО ФНБ «Самрук-Казына» является повышение стоимости человеческого капитала, созданий благоприятных условий и обеспечение конкурентоспособности и устойчивости на рынке труда.

3

НАУРЫЗ КЕЛДІ НҰРҒА БӨЛЕП БАР ЕЛДІ!



Жыл басы өз-Наурызды ембілік мұнайшылар жылдағы қалыптасқан дәстүрге сай, шадыман шаттық, ұлттық рухты асқақтатар ұлағатты шаралармен атап өтті.

4-5

БАСҚАРМАНЫҢ БҮГІНГІ ТЫНЫСЫ



Компания басшылығының өндірістік көрсеткіштермен, алдағы жұмыс жоспарымен танысу сапарлары.

6

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма мәжілісінің 10 наурыздағы №12 шешіміне сай, Дәулетжан Хасанов «Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі және төрағасы болып сайланды.



ТАҒАЙЫНДАУ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ-да ЖАҢА БАСШЫ

«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры (Басқарма төрағасы) болып Сәбит Арынов тағайындалды. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Дәулетжан Хасанов «Ембімұнайгаз» АҚ ұжымы алдында жаңа басшыны таныстырды.

Білімі жоғары, Қазақ ұлттық техникалық университетін «пайдалы қазбалар кен орындарын барлау технологиясы және техникасы» мамандығы бойынша бітірген (1999). Іскерлік әкімшілік магистрі дәрежесіне ие (MBA), Назарбаев университеті.



ЕҢБЕК ЖОЛЫ:

- Еңбек жолын 1999 жылы Атырау мұнай айдау стансасында технологиялық құрылғыларды жөндеу жөніндегі слесарі болып бастаған. Кейін Атырау мұнай құбыры басқармасының инженер-механигі болды.
- 2000-2002 жылдары – Атырау су дайындау және сумен қамтамасыз ету басқармасының магистральдық құбырлар және жабдықтарды пайдалану қызметінің инженері,
- 2002-2005 жылдары – «ҚазТрансОйл» АҚ Батыс филиалының пайдалану бөлімінің инженері, орталық диспетчерлік пункттің диспетчері, диагностика жөніндегі инженері, мұнай құбырын пайдалану бөлімі бастығының орынбасары,
- 2005-2007 жылдары – Орал мұнай құбыры басқармасының магистральдық құбырларды пайдалану қызметінің басшысы,
- 2007-2008 жылдарда – «Терминалекс» ЖШС Бас директоры,
- 2008-2009 жылдары – «ҚазТрансОйл» АҚ Батыс филиалының Маңғыстау мұнай құбыры басқармасының бас инженері,
- 2009-2017 жылдары «ҚазТрансОйл» АҚ пайдалану департаментінің директоры, «ҚазТрансОйл» АҚ Батыс филиалының басшысы лауазымын атқарды.
- 2018 жылдан бастап «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының орынбасары болды.

Сайлау-2023: Ембілік мұнайшылардың белсенділігі жоғары

Биылғы 19 наурызда өткен Парламент Мәжілісі мен мәслихаттар депутаттарын сайлау науқанынан ембілік мұнайшылар да қалыс қалмай, белсенділікпен қатысты.

Сайлаудағы әр дауыс – маңызды. «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты басқармаларда вахталық ауысыммен еңбек ететін қызметкерлердің сайлауға қатысуы үшін қолайлы жағдайлар жасалды. Өндіріс басындағы сайлаушыларға арнайы жәшіктер апарылды.

Ел дамуына әсер ететін саяси шараға қатысудың маңыздылығын терең түсінгендіктен, ембілік мұнайшылар азаматтық ұстанымдарын білдіріп, жоғары белсенділік танытты.

Жалпы, ембілік мұнайшылардың сайлауға қатысу көрсеткіші 96 %-ды құрады.



«ҚазМұнайГаз» кәсіподақ көшбасшыларына тренинг ұйымдастырды

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында корпоративтік мәдениетті арттыру саясаты шеңберінде «Маңғыстаумұнайгаз», «Қаражанбасмұнай», «Өзенмұнайгаз», «ӨзенмұнайСервис», «Ойл Транспорт Корпорейшн», CASPIBITUM, Қазақ газ өңдеу зауыты секілді өзге де кәсіпорын басшылары мен кәсіподақ көшбасшыларына арнап екі күндік оқу бағдарламасын, семинар-тренингтер өткізді.

Оқу барысында қатысушылар қаржылық сауат бойынша пайдалы ақпарат алып, жаңа дағдылар үйренді, өз компанияларында туындаған өзекті мәселелерді талдап, іскерлік ойын форматында дағдарыс кезіндегі іс-әрекеттерін пысықтады.

Тренингтерге «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма Төрағасы Мағзұм

Мырзағалиев те қатысты. Ол іс-шараға келген қатысушыларға мұндай кездесулер дәстүрге айналатынын және әр жиын сайын қатысатын қызметкерлер саны артып отыратынын жеткізді.

«Бұл іс-шараларды кәсіби деңгейімізді көтеру үшін ғана емес, ұжымның ұйымшылдығы мен

ынтымағын одан әрі арттыру үшін ұйымдастыратынымызды ерекше атап өткім келеді. Біздің мақсатымыз - бір, міндеттеріміз - ортақ. Жұмыста туындаған өзекті мәселелердің тиімді шешімін бірлесе отырып қана таба аламыз», - деді өз сөзінде Мағзұм Мырзағалиев.

www.kmg.kz



Жаңа жұмысына сәттілік тіледі

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Қанатбек Қасымғалиевтің басқа жұмысқа ауысуына байланысты Басқару аппаратында жиын өтті. Компания басшысы Сәбит Арынов Қанатбек Махмұдұлының Ембі өндірісіндегі еңбек жолдарына алғыс білдіріп, ұжым атынан естелік сый тарту етті.

Қанатбек Қасымғалиев еңбек жолын қарапайым операторлықтан бастап, маман болып қалыптасу мектебінен абыройлы өте білді. Ембі өндірісінде табысты еңбегімен ерекшелене отырып, бірқатар жоғары лауазымдық қызметтерді атқарды.

Ол Ембі кен алаңдарында өндірістік жоспардың тұрақты орындалуына үлкен үлес қосқан білікті маман, іскер басшы ретінде өзін таныта білді. Жауапты лауа-

зымдарды абыроймен атқара жүріп, шебер ұйымдастырушылық қырларын көрсетті.

Бұған қоса, VII шақырылымдағы Атырау облыстық мәслихатының депутаты ретінде де аймақ проблемаларының оңтайлы шешілуі жолында жұмыстанған қоғамдық қызметін де айрықша атап өткен жөн.

Ембіліктер Қанатбек Махмұдұлының жаңа жұмысына сәттілік тілеп, жылы лебіздерін арнады.

МОЛОДЕЖНАЯ ПОЛИТИКА

Меняйся и стремись к лучшему!

Под таким лейтмотивом на диалоговой площадке АО «Эмбаунайгаз» прошла встреча молодых специалистов дочерних компаний АО «Самрук-Қазына» во главе с управляющим директором по связям с общественностью, социально-трудовым отношениям и охране труда АО «Самрук-Қазына» Гибратом Аугановым и омбудсменом Фонда Сериком Трумовым. Подобные встречи организуются в регионах в рамках программы развития молодежной политики АО «Самрук-Қазына».

Гостей приветствовал генеральный директор АО «Эмбаунайгаз» Сабит Арынов. В своей речи он подчеркнул, что компания, отметившая в прошлом году свой вековой юбилей, положила начало не только становлению отечественной нефтяной промышленности, но и подготовке национальных кадров, целых династий нефтяников. Сегодня дело, начатое старшим поколением эмбаинцев, достойно продолжает молодежь. А это более 600 человек в возрасте до 35 лет. Также было сказано о том, что в национальном холдинге «Самрук-Қазына» многое делается для привлечения, закрепления и продвижения талантливых молодых специалистов, раскрытия их интеллектуальных и творческих возможностей.

Первой темой обсуждения молодого сообщества стала экология и борьба с изменением климата. В презентации инженера по охране окружающей среды департамента труда и охраны окружающей среды АО «Эмбаунайгаз» Динары Утеповой были озвучены интересные факты. Например, об изменении погоды в Атырау за последние 10 лет: если 10-12 марта 2012 года температура воздуха составляла -9-14 градусов, то уже в аналогичном отрезке времени 2023 года она составила +4+14. Говоря о существенной разнице в температуре воздуха, специалисты просят не забывать о циклических процессах в природе, но при этом нельзя умолчать и о глобальном потеплении климата. В происхождении, которого не последнюю роль играет увеличение добычи углеводородного сырья. Глобальный тренд по борьбе с изменением климата все сильнее затрагивает деятельность компаний по



всему миру. «Эмбаунайгаз» поддерживает взятый государством курс на декарбонизацию, и реализует свой план мероприятий по Программе низкоуглеродного развития на период с 2022 по 2031 годы НК АО «КазМунайГаз», целью которой является снижение углеродного следа на 15% по сравнению с 2019 годом.

Далее Д.Утепова рассказала о том, какая работа ведется в компании по улучшению деятельности про-

изводственных объектов в части снижения воздействия на окружающую среду, о рациональном использовании природных ресурсов и совершенствовании природоохранной деятельности.

После экологического всеобщего участники встречи обсудили тему молодежной политики. О деятельности Совета молодых специалистов в АО «Эмбаунайгаз» рассказал его председатель Жанбакыт Даутов. В своем выступлении он подробно остановился на мероприятиях, реализованных Советом, в том числе и об участии в экологических и благотворительных акциях. К слову, молодые сотрудники «Эмбаунайгаза» не остаются в стороне и от инициатив фонда «Самрук-Қазына». Так, 2 специалиста компании – инженер-технолог ЦПРС ДМГ Ерлан Тасмагамбетов и аналитик департамента перспективного развития и управления рисками Бибикуль Ернязова прошли отбор для участия в модульной программе развития молодежных лидеров «Жеті қадам» национального холдинга. Целью этой программы является развитие лидерского потенциала, управленческих компетенций, коммуникативных навыков и т.д. На сегодня участники прошли 2 из 7 модулей.

В завершающей части встречи молодые специалисты обменялись мнениями, посетили Центр визуализации производственных процессов АО «Эмбаунайгаз» и Центр развития особенных детей «Зейін-Атырау».

КАДРЫ РЕШАЮТ ВСЕ!

В центре притяжения – человеческий капитал

На базе АО «Эмбаунайгаз» состоялась встреча директора департамента по управлению персоналом и оплате труда АО ФНБ «Самрук-Қазына» Эльмиры Каримовой с представителями HR направлений дочерних компаний НК АО «КазМунайГаз». В ходе нее была презентована новая кадровая политика Фонда и обсужден ряд вопросов по данной тематике.

О стратегической роли HR в развитии любой компании особо отметил в своем приветственном выступлении генеральный директор АО «Эмбаунайгаз» Сабит Арынов. Управление человеческими ресурсами является одним из главных приоритетов Стратегии развития «Эмбаунайгаза», где сегодня трудятся около пяти тысяч человек.

Затем Эльмира Каримова подробно рассказала об основных направлениях кадровой политики, которая была утверждена решением совета директоров АО «Самрук-Қазына» в декабре 2022 года.

Нужно сразу отметить, что данный стратегический документ был разработан с учетом потребностей портфельных компаний Фонда. Основной целью



кадровой политики является повышение стоимости человеческого капитала, создание благоприятных условий и обеспечение конкурентоспособности и устойчивости на рынке труда. При этом ключевыми моментами являются: организация процесса постоянного повышения уровня квалификации и компетенции персонала, создание условий труда и системы мотивации,

обеспечивающих безопасный и высокопроизводительный труд, создание системы справедливой оплаты труда, развитие корпоративной культуры и укрепление корпоративной идентичности. В части подготовки квалифицированных кадров, в соответствии с поручением Главы государства, акцент будет делаться на инженерно-технических специальностях. Также, как под-

черкнула Э. Каримова, кадровая политика фокусируется на развитии коллаборации (сотрудничества) внутри группы компаний Фонда, и изучении международных практик в области безопасности людей, технологических процессов и экологии.

После презентации участники обменялись мнениями и получили ответы на вопросы.



НАУРЫЗ КЕЛДІ НҰРҒА

Мерекелік қауышулар, көтеріңкі көңіл-күй және шынайы ақ тілек ағытылған басқосулар. Жыл басы әз-Наурызды ембілік мұнайшылар жылдағы қалыптасқан дәстүрге сай, шадыман шаттық, ұлттық рухты асқақтатар ұлағатты шаралармен атап өтті.

Көрісу күні және Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесіне орай «Ембімұнайгаз» АҚ өндірістік-құрылымдық бөлімшелерінің ұжымдары тағылымдық шаралар ұйымдастырды.

Орталық басқару аппаратынан бастау алған мәнді шара «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасында, «Доссормұнайгаз», «Жылыоймұнайгаз», «Ембімұнайэнерго» мен «Қайнармұнайгаз», «Жайықмұнайгаз» басқармаларында лек-легімен жалғасты.

Қуаныш пен шаттықтың салтанат құрған мерекесінде мұнайшыларды арнайы барып құттықтаған «Ембімұнайгаз» АҚ Бас

директоры Сәбит Арынов жылы лебізін білдірді.

«Көрісу күні батыс өлкесі үшін ерекше мәнге ие. Ембілік мұнайшылар да жылдағы дәстүрге сай осынау мерекені айрықша атап өтті. Ал, Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі – ұлтымыз үшін ең маңызды мейрам. Ырыс пен берекенің арқауы болатын тамаша мереке әр шаңыраққа шат көңіл, бақыт және береке сыйласын!» деген компания басшысы «Жылыоймұнайгаз» МГӨ басқармасында өткен Наурыз тойы барысында қазақтың ата дәстүрімен тәйтәй басуға талпынған сәбидің тұсауын кесті.

Тағылымды шара «Доссормұнайгаз»,

«Жайықмұнайгаз» басқармаларында да жарасымды жалғасты. Кішкентай бөбектің тұсауын кесу мәртебесі ардагер мұнайшыларға бұйырды. Жалпы, бұдан өзге де салт-дәстүріміздің біразы мерекеде көрініс тапты.

Салтанатты шаралар барысында Ембі өндірісін өркендетудегі табысты еңбегімен үлгі болған жұмысшылар «Ембімұнайгаз» АҚ Құрмет грамотасымен, Бас директорының, басқарма басшыларының, Кәсіподақ ұйымының Алғыс хаттарымен марапатталды.

Мерекелік басқосулардың төрінен табылған ембілік ардагерлер жастардың





БӨЛЕП БАР ЕЛДІ!

жарасымды тірлігіне сүйсініп, ақ баталарын берді. Думанды шараның ажарын ашып, ұлттық киім үлгілерін дәріптеген қызметкерлер де сый-сияпатсыз қалмады.

Ембілік мұнайшылардың мерекелік шаралары түрлі ауқымда ұйымдастырылды. Тіршілік жаңартатын, пейіл түзелетін, көңіл кеңейетін мейрамда басқармалардың орталық алаңдарындағы ақшаңқан үйлер мерекенің ұлттық реңкін қоюлата түсті. Үлкендердің ақ батасы ағытылып, ардагерлердің қуанышты қауышулары ұрпақтар сабақтастығын ұстанған компания мақсатының мәні өміршең екенін аңғартты.

Наурыз думанның ажарын аша түскен ұлттық киім киген мұнайшылар өз саласының мамандары ғана емес, бар өнерді бойларына жиған бесаспап екендерін де танытты. Ембілік

мұнайшылар арасында кім жоқ дерсіз?! Әуелете ән салған әнші де, термеші-жыршы да, балуан да, мерген де, қара күш иесі де өз әріптестеріміздің қатарынан табылды.

Ұлттық болмысымыздың мәнін айшықтай түсетін алтыбақан құрылып, мергендік пен дәлдік қасиеттері сынға түсетін асық ату ойындары да шара көрігін қыздырды. Ал, арқан тартудан командалар арасында өткен тартысты ойындар жанкүйерлердің де делебесін қоздырып, шынайы әсерлермен астасты. Кой көтеруден сынға түскен күш иелерінің арасынан өзгелерден қара үзіп, жеңіп шыққандары олжалы оралып, қойды қанжығасына байлады.

Ұлттық салт-дәстүрлерімізді жадыларда жаңғырту, кейінгі буынға дәріптеу мақсатын көздеген викториналық

сайыстың да қатысушылардың айрықша қызығушылығын туғызғанын атай кеткен жөн. Ескі дәстүрлер мен жоралғыларды жаңғыртар танымдық сайыс қатысушылары «Тоқымқағар қандай салт?» «Жеңсік ас саналатын, өте құнарлы тағам қалай аталады?» «Қымызмұрындық дегеніміз не?» деген секілді сауалдарға жауап ұсынып, жеңімпаздарға сый табысталды.

Тамырын тереңнен алатын, ұлтымыз үшін үлкен мәнге ие осынау мереке – бірлік пен берекенің, молшылық пен ырыстың, жаңғыру мен келісімнің мерекесі. Бұл құндылықтар әрбір ембілік үшін қымбат. Компанияшілік тұрақтылық, бейбітшілік пен достықты нығайтуда мұндай шаралардың атқарар рөлі зор.

Татулық пен ізгілік мейрамы – Ұлыстың ұлы күні өз-Наурыз құтты болсын, әріптестер!





БАСҚАРМАНЫҢ БҮГІНГІ ТЫНЫСЫ

КОМПАНИЯ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ ӨНДІРІСТІК НЫСАНДАРДЫ АРАЛАУ САПАРЫ БАСТАЛДЫ

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арыновтың компанияға қарасты мұнай-газ өндіру басқармаларының өндірістік нысандарының жұмыстарымен танысу сапары басталды. Компания басшысы ең алдымен «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының кен алаңдарын аралады.

Компанияның басшылық құрамы енген жұмыс тобы аталмыш басқарманың Ботахан, Алтыкөл, Қошқар, Қарсақ, Комсомол, Солтүстік Жолдыбай, Шығыс Мақат кен алаңдарындағы өндіріс жоспарымен, соның ішінде, өнім өндіру мен тапсыру, өнім жинақтау пунктінің және мұнай дайындау мен тасымалдау цехының жұмысымен жан-жақты танысты.

Нақты атқарылған іс-шаралар талқыланып, «Доссормұнайгаз» МГӨ басқармасына қарасты кен орындарында іске асырылған геолого-техникалық шаралар туралы кеңінен айтылды. Қарсақ кен орнында №630 көлденең ұңғыма былтыр қыркүйек айының соңында қазылып іске қосылды. Шығыс Мақат кен орнында биылғы ақпан айында №36 ұңғыманың түбін тереңдету жұмыстары жүргізілгені де – нәтижелі жұмыстар қатарында.

Бұған қоса, Шығыс Мақат кен орнында 2022 жылы орындалған жерасты қабатын гидравликалық қысыммен жырту жұмыстарының нәтижесінде барлығы 5 ұңғымадан қосымша 2739 тонна мұнай өндірілуіне қол жетіп отыр.

Ал, Қошқар кен орнында 2019-2021 жылдар аралығында жаңадан 6 ұңғыма бұрғылау нәтижесінде кен орны бойынша тәуліктік өнім көлемі көтерілген.



Сапар барысында компания басшысы өндіріс алаңдарындағы ұңғыма қазу жұмыстарының жәй-күйін назардан тыс қалдырмай, Шығыс Мақат кен алаңындағы бұрғыланып жатқан №145 ұңғымаға ат басын бұрды. Себебі, өнім өндіру жоспарын орындауды тұрақтандыру үшін жана ұңғымалардың қазылуы мен олардың нәтижелі іске қосылуы – маңызды. Бұл орайда басшы нақты тапсырма берді. «Ұңғы қазу, оны іске қосу үлкен қаржыны қажет етеді. Компания бюджетінің әрбір қаражаты есептеулі. Ұңғы қазылған соң оның нәтижесін көруіміз керек. Жауапты мамандар бұл жағдайды мұқият назарда ұстасын», - деді Сәбит Әбілдаұлы.

Жұмыс тобының мүшелері өндіріс алаңдарындағы әлеуметтік нысандардың да жұмысын назардан тыс

қалдырмады. «Ембімұнайгаз» АҚ-ның жұмысындағы басым бағыттың бірі және бастысы – қарапайым еңбек адамының алаңсыз жұмыс істеуіне барлық қажетті жағдайды жасақтау. Бұл орайда Ембі өндірісіндегі әлеуметтік нысандар, мұнайшылар асханасы мен жатақханасында қажетті талаптардың сақталуы өзекті саналуда. Компания басшысы Сәбит Арынов мұнайшылардың жұмыстан кейінгі демалуына жасалған жағдайлармен де жіті танысты.

Жұмыс тобының өткен жылдың қорытындысымен, алдағы кезегін күткен істермен танысу сапары «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында жалғасты. Қызылқоға ауданындағы іргелі ұжымның тыныс-тіршілігі туралы газетіміздің келесі санынан таныса аласыздар.

МАҚСАТТЫ ЖОСПАРЛАУ - НӘТИЖЕ БАСТАУЫ

Наурыз айының басында «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Қанатбек Қасымғалиев бастаған жұмыс тобының мүшелері «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының 2022 жылғы қорытындысымен және алда тұрған жұмыс жоспарының барысымен танысты.

Жұмыс тобының мүшелері «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының кен алаңдарында болып, өнім өндіру, тапсыру, жана ұңғымаларды іске қосу, өндіріс алаңдарындағы құрылыс жұмыстарының орындалу барысымен танысты. Жиын барысында кен алаңдарындағы экологиялық талаптардың сақталуы, резервуарлардың жөндеу және олардан шыққан қалдықтардың тасымалдау жөйі,



басқа да мәселелер кеңінен талқыланды.

Алдағы уақытқа межеленген жұмыстар туралы сөз болғанда жауапты жұмыс тобының мүшелері компания

бюджетінің жасақталуы барысында мақсатты жоспарлану жөйін баса айтты. Себебі, бюджетке қатысты жұмыстардың жүйелі жүргізілуі орын алған жағдайда

толықтыру (корректировка) мәселесі көп туындамайды деген ойға басымдық берген компания басшылығы бұл шараға алдағы уақытта мұқият болу жөйін пысықтап өтті.

Кеңейтілген жиында геология саласының жұмысына да баса мән берілді. Себебі, өндірістік көрсеткіштің межеге сай орындалуында геология саласы жұмысының маңызы зор деген компания басшылығы алдағы шараларға да тоқтала кетті.

– Өндіріс көрсеткішінің орындалуын жүзеге асыратын тетіктің бірі – жаңа ұңғымалардың қазылуы екені баршаға белгілі. Бұл орайда, ұңғыма қазуда ауқымды қаражат жұмсалатыны да анық. Қаражаттың тиімділігін арттыру үшін қазылатын ұңғыманың өнім беру деңгейіне сенімді болуымыз маңызды. Геологтар жана ұңғыманы қазу барысында күтілетін нәтижеге жан-жақты талдау жасауы тиіс, - деп атап өтті өз сөзінде Қанатбек Махмұдұлы.

1 января 2023 года в Казахстане стартовал второй этап всеобщего декларирования доходов и имущества. Для чего это нужно, и кто должен сдавать декларацию? Каковы сроки и какое наказание предусмотрено за непредставление декларации? Ответы на эти и другие вопросы были даны специалистами департамента государственных доходов по Атырауской области на встрече с сотрудниками центрального аппарата управления АО «Эмбаунайгаз».



Обязательная декларация: как ее проходить?

Система контроля доходов и имущества физлиц внедрена для борьбы с теневой экономикой и коррупцией. Это даст возможность следить за изменениями состояния активов граждан, отраженных в декларации, проводить анализ прироста имущества, соответствия расходов доходам. Кроме того, даст возможность произвести полный охват по налоговому администрированию и обеспечить полноту уплаты налогов физическими

лицами. Ожидается, что в 2023 году декларацию об активах и обязательствах представят порядка 1,4 миллиона физических лиц.

За непредставление декларации предусмотрена административная ответственность. Первый раз – предупреждение, а на второй раз налоговики могут выписать штраф в размере 15 МРП за непредставление декларации, за отражение неполных сведений – 3 МРП.

2023 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ КІРІСТЕРІ МЕН МҮЛКІН ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ ДЕКЛАРАЦИЯЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ЖАДЫНАМА

Декларация нысаны – «Активтер мен міндеттемелер туралы декларация» 250.00 нысан.

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап, 31.12.2022ж. жағдайы бойынша декларацияны табыс ету мынадай тұлғаларға жүктелген:

- Мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері және олардың жұбайлары;
- квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметкерлері және олардың жұбайлары (Соның ішінде «Эмбаунайгаз» АҚ қызметкерлері мен жұбайлары);

Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияда көрсетілетін мәліметтер:

1. Қазақстан Республикасынан тысқары жерлердегі мүліктері:

- жылжымайтын мүлік, жер учаскелерін және (немесе) жер үлестерін, әуе және теңіз кемелерін, ішкі суда жүзу кемелерін, «өзен-теңіз» жүзу кемелерін;
- көлік құралдарын, арнайы техника және (немесе) тіркемелерін;
- барлық банк салымдары бойынша республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және есепті салық кезеңінің 31 желтоқсанында қолданылатын айлық есептік көрсеткіштің 1000 еселенген мөлшерінен асатын сомадағы Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі шетелдік банктердегі банк шоттарындағы ақшасын;
- Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде құрылған заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесін көрсетуге арналған.

2. Қазақстан Республикасындағы және (немесе) одан тыс жерлердегі мүлік:

- тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы келісім бойынша тұрғын үйдегі үлес;
- бағалы қағаздар, туынды қаржы құралдары (туынды қаржы құралдарын қоспағанда, олардың орындалуы базалық активті сатып алу немесе сату арқылы жүзеге асырылатын);
- инвестициялық алтын;
- зияткерлік меншік объектілері, авторлық құқық;
- республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және декларация ұсынылған жылдың алдындағы жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қолданыстағы айлық есептік көрсеткіштің 10000 еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде көрсетілген қолма-қол ақша;
- банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы заңнамасына сәйкес құрылған берешегін қоспағанда, міндеттемелердің немесе талаптардың туындауына негіз болып табылатын нотариат куәландырған (куәландырма)

шарт немесе өзге де құжат болған кезде жеке тұлғалардың жеке тұлға алдындағы берешегі (дебиторлық берешек) және (немесе) жеке тұлғаның басқа тұлғалар алдындағы берешегі (кредиторлық берешек);

- Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияда Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес бағалаушы мен салық төлеуші арасындағы шарт бойынша жүргізілген бағалау туралы есепте айқындалған құн болған кезде, осы мүліктің бірлігі үшін баға (құн) республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және есепті салық кезеңінің 31 желтоқсанында қолданылатын айлық есептік көрсеткіштің (3063 АЕК) 1000 еселенген мөлшерінен асып кеткен жағдайда жеке тұлғаның қалауы бойынша басқа мүлік көрсетілуі мүмкін.

Бұл ереже мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын мүлікке, сондай-ақ құқықтары және (немесе) мәмілелері мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын мүлікке қатысты қолданылмайды.

Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны қайда тапсыру қажет:

Жеке тұлғалар (дара кәсіпкерлері және жеке практикамен айналысатын адамдарды қоспағанда, мысалы, мемлекеттік қызметшінің жұбайы) тұрғылықты жері бойынша декларация тапсырады.

Дара кәсіпкерлер және жеке практикамен айналысатын адамдар декларацияны орналасқан жері бойынша табыс етеді.

Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны табыс ету мерзімі:

- Қағаз түрінде – 2023 жылғы 15 шілдеден кешіктірмей;
- Электрондық түрде – 2023 жылғы 15 қыркүйектен кешіктірмей.

Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны табыс ету тәсілдері:

Электрондық түрде – «Салық төлеушінің кабинеті» Мемлекеттік кірістер комитетінің web-порталы (cabinet.salyk.kz), «Электрондық үкімет» порталы (egov.kz) арқылы, сондай-ақ eSalyq azamat және (egov.kz) мобильді қосымшалары арқылы.

Қағаз түрінде – мемлекеттік кірістер органдарына келу тәртібімен не тапсырыс хатпен пошта арқылы жіберіледі

2023 жылы Активтер мен міндеттемелер туралы декларация тапсырылғаннан кейін, 2024 жылдан бастап жыл сайынғы Кірістер мен мүлік туралы декларацияны (270.00-нысан) тапсыру міндеті туындайды.

ПАМЯТКА ПО ВСЕОБЩЕМУ ДЕКЛАРИРОВАНИЮ ДОХОДОВ И ИМУЩЕСТВА ФИЗИЧЕСКИХ ЛИЦ НА 2023 ГОД

Форма декларации – форма 250.00 «Декларация об активах и обязательствах».

Начиная с 1 января 2023 года, по состоянию на 31.12.2022г.

представляют декларацию:

- работники субъектов квазигосударственного сектора и их супруги (то есть, работники АО «Эмбаунайгаз» и их супруги);
- работники государственных учреждений и их супруги.

Сведения, отражаемые в декларации об активах и обязательствах:

1. Имущества за пределами Республики Казахстан:

- недвижимое имущество, земельные участки и (или) земельные доли, воздушные и морские суда, суда внутреннего водного плавания, суда плавания «река-море»;
- транспортные средства, специальная техника и (или) прицепы;
- деньги на банковских счетах в иностранных банках, находящихся за пределами Республики Казахстан, в сумме, совокупно превышающей по всем банковским вкладам 1000-кратный размер месячного расчетного показателя, установленного законом о республиканском бюджете и действующего на 31 декабря отчетного налогового периода;
- доля участия в уставном капитале юридического лица, созданном за пределами Республики Казахстан.

2. Имущества как в Республике Казахстан, так и за ее пределами:

- доля в жилом здании по договору о долевом участии в жилищном строительстве;
- ценные бумаги, производные финансовые инструменты (за исключением производных финансовых инструментов, исполнение которых происходит путем приобретения или реализации базового актива);
- инвестиционное золото;
- объекты интеллектуальной собственности, авторского права;
- наличные деньги, которые указываются в сумме, не превышающей предел 10000-кратного размера месячного расчетного показателя, установленного законом о республиканском бюджете и действующего на 31 декабря года, предшествующего году представления декларации об активах и обязательствах физического лица;
- задолженность других лиц перед физическим лицом (дебиторской задолженности) и (или) задолженности физического лица перед другими лицами (кредиторской задолженности) при наличии нотариально засвидетельствованного (удостоверенного) договора или иного документа, являющегося основанием возникновения обязательства или требования, за

исключением задолженности банкам и организациям, осуществляющим отдельные виды банковских операций, созданным в соответствии с законодательством Республики Казахстан о банках и банковской деятельности в Республике Казахстан;

- по желанию физического лица может быть указано другое имущество в случае превышения цены (стоимости) за единицу данного имущества 1000-кратного размера месячного расчетного показателя, установленного законом о республиканском бюджете и действующего на 31 декабря 2022 года (МРП - 3063 тенге), при наличии стоимости, определенной в отчете об оценке, проведенной по договору между оценщиком и налогоплательщиком в соответствии с законодательством Республики Казахстан об оценочной деятельности.

К другому имуществу не относится имущество, подлежащее государственной или иной регистрации, а также имущество, по которому права и (или) сделки подлежат государственной или иной регистрации.

Куда необходимо представлять декларацию об активах и обязательствах:

Физические лица (за исключением индивидуальных предпринимателей и лиц, занимающихся частной практикой, например, супруг(а) государственного служащего) представляют декларацию по месту жительства.

Индивидуальные предприниматели и лица, занимающиеся частной практикой, представляют декларацию по месту нахождения.

Срок представления декларации об активах и обязательствах:

- На бумажном носителе – не позднее 15 июля 2023 года;
- В электронном виде – не позднее 15 сентября 2023 года.

Способы представления декларации об активах и обязательствах:

В электронном виде – через web-портал Комитета государственных доходов «Кабинет налогоплательщика» (cabinet.salyk.kz), Портал «электронного правительства» (egov.kz), а также через мобильные приложения eSalyk azamat.

На бумажном носителе – в органы государственных доходов в явочном порядке либо по почте заказным письмом.

После представления Декларации об активах и обязательствах в 2023 году, с 2024 года возникнет обязательство по ежегодному представлению Декларации о доходах и имуществе (форма 270.00).



«Жылыоймұнайгаз»
мұнай-газ өндіру
басқармасында
«Мұнайшы аруы»
байқауы өтті. Оған
басқармаға қарасты
цехтарда еңбек ететін
8 мұнайшы қыз қатысып,
өзара сынға түсті.

Ембілік арулар Жылыой өңірінде



Мұнайшы қыздар арасында ұйымдастырылған дода сайыскерлердің барлық қырын ашуды мақсат етті. Мұнайшы қыздар да жеке деңгейінен шығуға барын салды. Алайда, сайыстың аты – сайыс. Мықтылардың алға шығары белгілі.

«Мұнайшы аруы» байқауының қатысушылары 5 кезеңнен тұрған додада әрқайсысы бір-бірінен өзіндік ерекшеліктерімен топ жарды.

Байқаудың «Таныстыру» кезеңінде мұнайшы қыздар өзі және отбасы, күнделікті жұмысы туралы мемлекеттік тілде қызықты әрі шұрайлы тілмен көпшілікке шебер жеткізе білді. Әрқайсысы да жоғары марапатқа лайық деңгейден табылды.

Ал, келесі «Өнер» сайысында әр сайыскер өздерінің өнерге жақын екендіктерін шебер көрсете білді. Зерттеу жұмыстар цехының шебері **Гүлшат Баймағанбетова**, Прорвадағы мұнай-газ дайындау және айдау цехының операторы **Назым Өтегенова** бұл сайыста өзге әріптестерінен ерекшелене білді.

Байқаудың келесі бөлімі – «Ұлттық-салт дәстүрлерден көрініс көрсету» сайысында мұнайшы қыздарға өздерінің әріптестері, цехтың өзге жұмысшылары көмекке келді. Олар халық арасында кең тараған ата дәстүрлерімізден көріністер көрсетіп, өнерге, ұлттық салтқа жетік екендіктерін шебер көрсете білді. Қоржын дайындау салтын Құлсарыдағы жылу мен газбен қамту цехының операторы **Маржан Калиева**, Ұрын бару салтын Прорва мұнай-газ өндіру цехының С.Нұржанов кен орнының мұнайшы операторы **Бақытгүл Жақыпова**, Бесікке салу дәстүрін Прорвадағы жылу мен газ, сумен қамту цехының операторы **Мейрамгүл Исмағанбетова** өзінің цехтағы әріптестерімен шебер көрсетті.

Сайыстың салмақтырақ кезеңі деуге де болар, мұнайшы қыздар «Сұраққа жауап» бөлімінде еліміздің мұнай-газ саласының тарихы, әсіресе, Ембі өндірісінің қалыптасу кезеңдері туралы білімдерімен бақ сынасты. Біздің қыздар мұнай-газ саласының тарихын жетік білетіндіктерін көрсетті. Барлығы да өздеріне қойылған сауалға толыққанды



жауаптарын берді.

Залда отырған көпшіліктің жоғары қызығушылығын арттырған сайыстың қорытынды кезеңі – «**2023 жылдың сән үлгісінде**» мұнайшы қыздар өздерінің талғамдарымен сынға түсті. Қосшағыл мұнай-газ өндіру цехының геологы **Айгүл Тлеуғожина**, Құлсары мұнай дайындау және айдау цехының тауар операторы **Жанар Өмірзақова**, Терек-Өзек мұнай-газ өндіру цехының мұнай-газ өндіру операторы **Ұлпан Айтқалиева** дайындаған киім үлгілерін көрермендер жылы қабылдады.

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Рысты Тасмағамбетова, Бас директордың кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Гүлбану Шарафетдинова, «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы бастығының орынбасары Балмаш Жақсыбаева, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ бас бухгалтері Нұрсауле Сатанғұлова және аталмыш басқарманың ардагерлер кеңесінің төрайымы Мұстахима Исаинова құрамына енген әділқазылар алқасы мұнайшы қыздардың өнерлерін жоғары бағалады.

Байқаудың қорытындысында әрбір мұнайшы қыздың өнері, олардың дайындығы тиісті бағасын да алды. Ең бастысы, барлық сайыскерлердің еңбектері жоғары бағаланды.

1-орынды Бақытгүл Жақыпова,
2-орынды Гүлшат Баймағанбетова,
3-орынды Мейрамгүл Исмағанбетова иеленсе,
Айгүл Тлеуғожина «Көрермен көзайымы», Маржан Калиева «Инабатты ару», Ұлпан Айтқалиева «Зерделі ару», Жанар Өмірзақова «Кербез ару», Назым Өтегенова «Ізденімпаз ару» атанды.

ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕНБЕКТІ ҚОРҒАУ БОЙЫНША БЮЛЛЕТЕНЬ

РАМАЗАН АЙЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ



Сурет ашық дереккөздерден алынды

Рамазан бұл ораза айы, бұл айда мұсылмандар қауымы таңертеңнен кешке дейін ас және су ішуден шектеледі. Бұл айда адамдар өздерін жаман ойдан, артық ауыз сөзден, кейбір жағымсыз әрекеттерден де шектеуі және қадағалауы тиіс.

Ораза кезінде күндізгі уақытта ас-су ішпегендіктен, адамдардың ағзасында түрлі өзгерістер болады, бұл әдетте қан құрамындағы қанттың төмендеуіне, холестериннің көбеюіне және дененің сусызданып, құрғауына әкелуі мүмкін. Осылайша, сізде шаршау, ашуланшақтық, бастың ауруы, ашығу және концентрацияны жоғалту секілді құбылыстар пайда болады.

Төмендегі кеңестерді қаперге ала отырып, сіз жеке ыңғайсыздық сезімін азайта және Рамазан айының толықтай рухани әсерін сезіне аласыз:

Тамақтану. Бұл айдағы сіздің жейтін тамағыңыз әдеттегі тамақтардан айтарлықтай ерекшеленбеуі және барынша қарапайым болуы тиіс. Оның құрамына әдетте ет, тауық, балық, жеміс-жидек және көкөніс, нан, бидай дақылдары мен сүт өнімдері жатады. Таңертеңгі тамақтануды (сұхур) ешуақытта өткізіп алмаңыз, сол кезде жейтін тамағыңыздың құрамында күрделі көмірсуларының мол болғаны жақсы, олар адам ағзасында ұзақ қорытылады, оларға құрма (қант, көмірсуы, калий және магний көзі), миндаль (протеиндер көзі) және банан (калий, магний және көмірсулер көзі) жатады. Майлы және қуырылған тамақтан, сондай-ақ құрамында қанты көп тамақтардан бас тартқан жөн. Тойып тамақ ішпеуге тырысу қажет. Ағзадағы сұйықтық деңгейін қалыпты сақтау үшін, кешкі уақытта суды көбірек ішу керек. Кофе, құрамында кофеині бар, газдалған салқын сусындарды ішпегізің. Аулақ болыңыз: сұхур кезінде өте көп су ішуден (соның салдарынан адам ағзасын күні бойы тонуста ұстап тұруға қажетті минералды тұздар шығып кетеді).

Ұйқы. Ораза кезінде тек тамақтану режимі ғана емес, ұйқы режимі де өзгереді. Ұйқының қанбауы жұмысқа қабілетті азайтады, күні бойы ашуланшақтық, ұмытшақтық және ұйқышылық пайда болады. Адамға дені сау болуы және өзін жақсы сезінуі үшін 7-ден 8 сағатқа дейінгі үздіксіз ұйқы қажет. Әрбір ұйқы қанбаған немесе жеткіліксіз уақыт қана ұйықтаған сайын, шаршағыштық, ұйқының қанбауы үдей түседі. Егер бір түн нашар немесе аз ұйықтаған болсаңыз, келесі түні сол ұйқының орнын толтыруға тырысыңыз.

Шаршағыштық. Шаршаудың белгілері болып есінеу, көздің шаршауы, айналаға назар аудармау, әрекеттің баяулауы және ұйқы басу саналады. Егер бойыңыздан шаршағандық байқалып, қауіпті жұмысты орындауға жағдайыңыз болмай тұрса, әріптестеріңізден көмек сұраңыз немесе өз басшыңызға хабарлаңыз, бір біріңізге көмектесіңіз. Өз жұмысыңызды дұрыс жоспарлай біліңіз және жұмыс орнындағы қауіпті факторларды анықтауға тырысыңыз. Күрделі жұмыстарды таңертеңгілік, өзіңіз сергек тұрған кезде жасауды жоспарлаңыз. Егер сіздің қандай да бір сырқатыңыз болса немесе әлсіздікті сезініп тұрған болсаңыз, алдымен дәрігерден кеңес алу қажет, өйткені бойыңызда бар сырқатыңыз одан әрі асқынып, ағзаңызды нашарлатып жіберуі мүмкін. Күні бойы күн астында жүруден сақтаныңыз. Өзіңіздің және өз әріптестеріңіздің қауіпсіздігін мұқият қадағалаңыз. Әсіресе көлік құралын жүргізу кезінде сақ болыңыз. Егер қатты шаршап немесе өзіңізді жайсыз сезініп тұрған болсаңыз, көлік жүргізуге тәуекел етпеңіз. Оның орнына автобустен/ таксимен жүріңіз.

Қасиетті Рамазан айы берекеді де қауіпсіз болсын!



Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы:
Қоғаммен байланыс тобы

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Газет айына 1 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.
G.Karajanova@emg.kmgerp.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-64, 21-166
I.Satylganova@emg.kmgerp.kz

Г.Амирова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309
g.amirova@emg.kmgerp.kz

Баспахана: "Реформа" ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қаласы

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Г.Шарафетдинова – Бас директордың кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;

Р.Тасмағамбетова – Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

М. Елеусінов – Бас технолог;

Т.Сәрсенов – мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Қ.Қалидуллин – әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры;

Ж.Мұханғалиев – өнеркәсіп қауіпсіздігі бөлімінің бастығы;

Ғ.Қаражанова – қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;

Ж.Дәуітов – "Жас мамандар" кеңесінің төрағасы.